

3-ТАРАУ. ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТІҢ ҚЫЗМЕТІ

8-тақырып. Цифрлы білім беру ортасындағы заманауи білім беру технологияларының ерекшеліктері

Жоспары:

- 1) Гибридті(аралас) оқытудың модельдері.
- 2) Оқытудың «төңкерілген сынып» моделі.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1) Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. -Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2022. -314 б.

2) Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық. -Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2024. -129 б.

Интернет-ресурстар:

- 1) http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/Buzaubakova.html
- 2) <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 3) www.smart-pedagog.kz
- 4) <https://edu-collaboration.kz/kk/>

1. Гибридті(аралас) оқытудың модельдері

Қазіргі кезеңде оқытудың ең көп пайдаланатын түрі – гибридті немесе аралас оқыту. Бұл blended learning-ті нарықта жетістікке жетуге көмектесетін білім арудың пайдалы құралы етеді.

Гибридті немесе аралас оқыту төмендегідей мәселені шеше алады:

- теориялық ақпаратты игеру;
- алған білімдерін практикалық пысықтау;
- компьютерлік сурет емес, «тірі» тәлімгермен байланыс;
- оқу жоспарын рационализациялау;
- материалды меңгеру уақытын қысқарту.

Аралас оқыту принциптері:

- 1) *Жүйелілік* – педагог оқыту материалын бірізділікте береді.
- 2) *Көрнекілік* – педагог сабақта оқу-әдістемелік, техникалық, цифрлық құралдарды пайдаланады.
- 3) *Тәжірибе* – жаңа білімді тәжірибеде сынақтан өткізу.
- 4) *Үздіксіздік* – педагог пен білім алушылар арасында үздіксіз ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды.
- 5) *Кері байланыс* – оқыту процесінде жаңа білімді меңгеру бойынша педагогикалық рефлексия жасалады.

Гибридті (аралас) оқытудың модельдері:

«Жұмыс аймақтарын өзгерту» моделі. Егер тақырыпты зерттеу бір сабақ шеңберінде әртүрлі әрекеттерді қамтыса, осы модельді қолдану ыңғайлы. Содан кейін қызмет түрлері топ үшін бір уақытта емес, белгілі бір қарқынмен жеке топтары үшін ауысады. Іс-әрекеттің мазмұнын педагог анықтайды. Оқу топтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін сынып толық жабдықталуы керек. Мұндай модель химия, биология пәндерінен білім алушылардың жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін тиімді.

«Автономды топ» моделі ерекше танымдық қажеттіліктері бар сыныптағы білім алушылар тобын бөліп көрсетуге және олардың қызметін сыныпта да, консультация кезінде де (күндізгі және қашықтықтан), өзін-өзі оқыту кезінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осы принцип бойынша «жеке траектория» моделі де жұмыс істейді. Аралас оқыту педагогге: білім алушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге, білім берудің қолжетімділігі мен икемділігін арттыруға, олардың жеке білім беру қажеттіліктерін, сондай-ақ оқу материалын игеру қарқынын ескеруге; білім алушының белсенді ұстанымын қалыптастыруға ынталандыруға: оның уәждемесін, дербестігін, әлеуметтік белсенділігін арттыруға, оның ішінде оқу материалын игеруге, рефлексия мен өзін-өзі талдауға нәтижесінде білім беру процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Аралас оқыту технологиясының аталған үлгілерін енгізу және пайдалану кейбір қиындықтарды тудыратыны сөзсіз. Біріншіден, бұл мектепте де, үйде де оқу үшін жақсы материалдық базаның қажеттілігі. Барлық мектептер мен отбасылар үшін бұл мәселе әлі де шешілген жоқ. Екіншіден, мұғалімге жүктеме артады. Сабаққа дайындалуға, білім алушының үйдегі уақытын ұйымдастыруға, нақты уақыт режимінде кеңес алуға көп уақыт қажет. Алайда, қиындықтарға қарамастан, бұл технологияны қолданудың артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл оқу іс-әрекетінің мотивациясының артуы арқылы оқытудың тиімділігін арттыру. Екіншіден, бұл дарынды балалармен, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау жүйесі. Сондықтан аралас оқыту технологиясын енгізу білім беру жүйесін дамытудың осы кезеңінде өзекті болып табылады.

2. Оқытудың «төңкерілген сынып» моделі

Оқытудың «төңкерілген сынып» моделі – аралас оқытудың ең танымал түрі: сабақта мұғалім жаңа материалды түсіндіреді, практикалық дағдыларды қалыптастырады; жаңа материалды түсіндіру үйде өтеді; практикалық бөлімі сыныпта орындалады.

Оқытудың «төңкерілген сынып» моделінде үй жағдайында білім алушылар жаңа материалды өздері оқып, танысады, ал сыныпта немесе топта әртүрлі тапсырманы орындайды, яғни оқу процесі «төңкеріледі»:

- 1) Білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- 2) Білім алушылардың сабаққа белсенді қатысуы;
- 3) Білім алушылардың сабақтан тыс оқуы;

4) Қызығушылық танытқан білім алушылар бірін-бірі оқытады, ал оқу процесі білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылады;

5) Білім алушылар жеке оқуға уақыттарын бөледі.

Қазіргі уақытта қоғамды цифрландыру жұмысы көптеген мемлекеттік жолдаулардың басты стратегиялық басымдығы болып табылады. Сондықтан барлық салаларда, яғни медицина саласы, қызмет көрсету орталығы, білім саласында цифрлық технологияны кеңінен қолдануға халықты сауаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

«The Hat» бағдарламасы. «The Hat» бағдарламасы қолдануға ыңғайлы бағдарлама. Бұл бағдарламаны білім алушыларды топқа бөлу барысында жиі қолданады. Сабақтың басталуының ең маңызды сәттердің бірі – ұйымдастыру кезеңі. Педагог сабағының мәнді өтуіне сыныпта ынтымақтастық атмосферасын (жағымды ахуал) қалыптастырудың да ықпалы зор. Білім алушыларды сабаққа ынталандыру үшін ұйымдастырушылық сәт (білім алушыларды топқа бөлу) орындалады. Осы мақсатта сабақта балаларды топқа бөлудің түрлі әдіс-тәсілдерін қолданып отырған жөн. Кейде уақытты тиімді пайдалану үшін топта бөлу әдісінде АКТ мүмкіндігін пайдаланып «The Hat» бағдарламасы арқылы сыныпты жылдам топтастыруға болады:

1) Сынып оқушыларын енгізу.

2) Бір топта болатын оқушылар санын таңдау.

3) Оқушыларды топқа бөлу.

Edraw Max бағдарламасы

Қазіргі оқыту поцестерінде қолданып жүрген оқыту әдістерінің бірі постермен жұмыс. Білім алушылар постермен жұмыс барысында плакаттар, стикерлер және түрлі түсті маркерлерді пайдаланып белгілі тақырып бойынша өз ойларын шығармашылық түрде бейнелеп жеткізеді.

ZipGrade бағдарламасы. ZipGrade бағдарламасымен тест жұмысын жылдам тексеру үшін өте ыңғайлы бағдарлама. Көбіне ұстаздардың оқушылар жұмысын қолмен тексеріп көп уақыт жұмсайтынын білеміз.

Алдын ала біз тест жұмысын орындауға арналған жұмыс парағын шығарып аламыз. Жұмыс парағының дайын шаблондары ZipGrade сайтында берілген немесе педагог тест құрылымында қарай жұмыс парағын құрастырады. Ол үшін тіркелген парақшамызға кіріп, Quizzes түймешесін басқанда дайын тесттер парақшаларының тізімі шығады. Егер жаңадан тест парақшасын құру қажет болса New Quiz мәзірін таңдау керек.

Ашылған парақшаға сұрақтар санын, сыныпты енгізу керек. Edit Key батырмасы арқылы жауап парақшасын дайындау алу қажет. Онда сұрақтың дұрыс жауаптарын және әрбір сұраққа берілетін ұпай сандарын енгізу керек. Дайын болған тест парақшаларын баспадан шығарып, білім алушыларға таратуға болады. Білім алушылар тест тапсырмасын дайын парақшаларда орындайды.

Білім алушылардың жұмысын тексеру үшін Scan Papers батырмасын басу арқылы білім алушылардың тест парақшаларын сканерлеу қажет. Сканерлегенде бірден оқушының неше сұраққа жауап бергені және тест

жұмысын қанша пайызға орындағаны шығады. Сонымен қатар Review Paper батырмасын басқанда тест парақшасында жұрыс жауаптар «жасыл», қате жауаптар «қызыл» боялып көрінеді. Тест аяқталған соң Review Papers батырмасы арқылы білім алушылардың тест қортындысын көруге болады.

Wordwall бағдарламасы. Wordwall бағдарламасы арқылы түрлі интерактивті тапсырмаларды түрлі шаблондарды қолданып құрастыруға болады. Мұндай тапсырмалар түрлі әдістер негізінде білім алушылардың білімін анықтауға және білім алушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға тиімді. Бағдарламаның түрлі шаблондарын қолдану арқылы білім алушылардың тыңдалым, жазылым, оқылым дағдыларын дамытуды көздейді.